

Шортанды ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 13 мамырдағы № А-1/112 "Шортанды ауданында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 17 қазандағы № А-9/228 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 15 карашада № 3879 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі № А-3/78 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 07.04.2016 № А-3/78 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енеді) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабына сәйкес, Шортанды ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шортанды ауданы әкімдігінің "Шортанды ауданында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" 2010 жылғы 13 мамырдағы № А-1/112 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-18-114 болып тіркелген, аудандық "Өрлеу" газетінде 2010 жылғы 5 маусымда және аудандық "Вести" газетінде 2010 жылғы 5 маусымда жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының кіріспесі жаңа редакцияда баяндалсын:

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 бабының 2 тармағына, 7 бабының 2) тармақшасына сәйкес, Шортанды ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**"

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шортанды ауданының әкімі

Г.Сәдуақасова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК